

УНИВЕРСИТЕТИМІЗ ERASMUS+LESLIE ЖОБАСЫН ЖЕҢІП АЛДЫ!

Оқу ордамыздың Жаратылыстану ғылымдары факультетінің «Экология және химия» кафедрасы Эрасмус+ жобасын жеңіп алып, университетіміздің ғылыми жетістіктерін арттырды.

Жобаның тақырыбы: “Land management, Environment & SoLId-WastE: inside education and business in Central Asia”.
Жоба координаторы: Раушан Нұрділлаева. Орындаушылар құрамында: Гүлхан Жылысбаева, Ғазиза Тойчибекова, Нұрлыбек Әбдімүтәліп және тағы да басқа ғалымдар бар.

Жобаның мақсаты:

1. Қазақстан мен Өзбекстанда реттеуші органдармен, жеке кәсіпқойлармен, салалармен және мүдделі тараптармен бірге университеттер мен ғылыми орталықтар сияқты жоғары оқу орындарын (ЖОО) біріктіретін тұрақты жер ресурстарын басқару бойынша Хаб құру.

2. Халықаралық стандарттарды сақтай отырып, Қазақстан және Өзбекстан университеттерінің бакалавриат және магистратура студенттеріне ұсынылатын тұрақты жерді басқару (SLM) бойынша микро-кредиттер жинағын бірлесіп әзірлеу және енгізу.

3. SLM BSc және MSc ONLINE білім беру бағдарламаларында көмекші материал ретінде біріктіруге болатын сандық форматтағы дидактикалық құралдар жинағын жасау.

4. Бірыңғай онлайн SLM репозиторийіне (құралдар жинағы) барлық оқу материалын біріктіру

5. Болашақ 2030 университетінің студенттеріне SLM-ді ілгерілету және тарату үшін STENEAM тәсілін қолданатын жаңа білім беру әдістерін қолдануды қамтитын Болашақ оқыту инкубаторын әзірлеу.

Жоба жетекшісі мен орындаушыларын шын жүректен құттықтай отырып, сарқылмас зерттеушілік ізденіс, шабыт, шығармашылық табыс тілейміз!



БОЛАШАҚ БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА

Адам баласы нені қатты қаласа сонымен сыналады. Қалаған арманыңа мақсат қойып, тәңірден шынайы сұрасаң, соның жолында маңайдан терің шықса, арманың үшін күрессең ол міндетті түрде орындалатынын үлкен кісілер жиі айтады. Алайда кейбіріміз миымызға шектеулер қойып, өз қалауымызды тұншықтырып, сенімсіздікпен қараймыз.

Осыдан бір жыл бұрын мендегі үлкен мақсат мамандық таңдау болатын. Болашағым мен өмірімнің мәні сол бір мамандыққа байланып қалғандай еді. Арман жетегінде жүріп, Астана мен Алматы қаласындағы университеттерге түсуді қалаған едім. Бірақ “Адамның емес, Алланың дегені болады” деген рас екен ау! Осылайша Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқып жатқаным 1 жыл. Басында қатты үйренісе алмай жүрдім. Алайда уақыт өте келе университет пен ұстаздар, студенттермен жақсы араласып, өз ортамды тапқандай болдым. Орта демекші біздің орта өте үлкен, әрі күнделікті жаңалықтарға толы. Себебі біз болашақ журналистерміз. Журналист болу оңай шаруа емес. Заң аясында іздене отырып, өз жұмыс орнының үмітін ақтай отырып, халықтың сеніміне күмән келтірмей, заң алдында, қоғам алдында жауапкершілікті алып жүру керек. Журналистің этикасын, құқықтары мен міндеттерін, БАҚ туралы заңды қатаң сақтай отырып ақпарат алған журналист ол өте адал журналист. Өз қызметіне адалдықпен, қасақана қиянат жасамай, өз пайдасының қамын жемей, мамандыққа сүйіспеншілікпен қызмет ету әркімнің қолынан келе бермейді. Сондықтан білікті маман болып шығу өзіміздің қолымызда.

Осы бір жылда ақ пен қараны ажырата алғандаймын. Бұрын сәл затқа ашуланатын қыз, барлығына жылап көңілі бо-сайтын қыздың жүрегі нығайғандай. Қазір өз-өзіне сенімді, өзін алып жүре алатын, өз арманына жету үшін ештеңеден тайсалмайтын, жақындары үшін тауды қопаратын қыз осы сезімдерін жазып отыр. Бір жылда көп өзгеріске ұшырау кез келгеннің қолынан келмейді. Тіпті менде бұрынғы бала қызды сағынамын. Алайда ол уақыт қайта келмейтінін ұғып «балалықты қой, алда тіршіліктің қамы, мансабыңның жолы» деп өзіме жиі айтып, шабыттандырып отырамын. Адам өзін өзі сүйреме, жалқаулықты иықтан тастамаса ол адамды ешкім сүйремейді. Әр адам өз өмірінің басты киіпкері. Осы өмір деген кино да өз рөлімізді адалдық пен, шынайылықпен, сыйластықпен, артта ұрпақ айтып отыратындай ойнап шығу өзіміздің қолымызда!

ЖАҢАЛЫҚТАР

СПОРТШЫЛАРДЫҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті батыл жүректі, шымыр денелі спортшылар және жаттықтырушылар! Қымбатты спорт сүйер қауым!

бапкерлер барлық құрметке лайық! Осы орайда, оқу орнымыздан қаншама спортшыларды дайындап шығарған барлық

Баршаңызға Қазақстан Республикасының СПОРТ КҮНІ мерекесі құтты болсын!

Спорт әрбір елдің мәртебесін көтеріп, ұлт намысы мен рухының мықтылығын айқындайтын көрсеткіш. Егемендік алған уақыттан бастап мемлекетіміздің әлемдік аренада кеңінен танылып, абыройының асқақтауына спортшыларымыздың сіңірген еңбегі орасан! Спортшыларымыздың Олимпиада ойындарында, әлемдік және халықаралық жарыстарда жеткен жетістіктерін мақтанышпен айта аламыз! Бүгінде Қазақстанның спорттық әлеуетін барша әлем мойындап үлгерді. Тәуелсіздіктің төл құрдасы болған оқу ордамыздың да спорттық жетістіктері ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Оқу орнымыздың шәкірттері арасынан жүздеген чемпиондар шықты. Әрине, олардың көшбасында Олимпиада ойындарының чемпионы, қазақтың асыл ұлы – Бекзат Саттарханов тұр. Олимпиада ойындарының жүлдегерлері Мұхтархан Ділдәбеков, Ақжүрек Таңатаров және Сәкен Бибосынов - біздің шәкірттеріміз! Әйелдер күресінен жастар арасындағы әлем чемпионатында Қазақстан 13 жыл күткен алтынды біздің студентіміз Нилуфар Раимова алып берді. Ал Жұмажан Қожамбеков қазақ күресінен өткен әлемдік бәсекеде 2 күнде жастар және ересектер арасында чемпион атанып, қос алтынды қатар иеленіп, абыройымызды еселеді. Бұдан бөлек әлемдік, халықаралық және республикалық жарыстарда тұғырдың биігінен көрінген қаншама спортшымыз бар. Біз барлық спортшы шәкірттерімізді және түлектерімізді мақтан тұтамыз!

Сондай-ақ, спортшыларымызды жеңіс жолына жетектеп, бар білгенімен бөлісіп, өмірдің мәнін спорттан тапқан жаттықтырушылардың адал еңбегін атап өтпеске болмас. Әрбір чемпионның артында білікті бапкері тұрады. Сондықтан



жаттықтырушыларға шын жүректен алғыс айтамын! Спорт мерекесінде баршаңызға мықты денсаулық, қажымас қайрат, жоғары жетістіктер тілеймін! Әрбір төккен терлеріңіз жеңіспен ақталсын!

Құрметпен, ректор
Жанар ТЕМІРБЕКОВА

ТАЛАПКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!

Құрметті талапкерлер мен жоғары оқу орындарының студенттері!

"Қазақстан халқына" Қоғамдық Қоры Yasawi University-де тегін білім алуды қалайтын талапкерлер үшін 10 грант және степендия тағайындап, арнайы конкурс жариялады. Бұл мүмкіндік "Қазақстан халқына" "ҚК білім беру гранттары" қайырымдылық бағдарламасын іске асыру шеңберінде беріліп отыр.

Қор грантына қатысу үшін төменде көрсетілген санаттың біріне сәйкес болу керек.

Қатысушы талапкерлердің санаттары:

- 1) ауылдық жерлердегі, шағын және моноқалалардағы табысы аз отбасылардан;
- 2) жетім балалар немесе кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- 3) мүгедектігі бар адамдар;
- 4) мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан;
- 5) 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары;
- 6) 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде жараланған балалар;
- 7) төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен Қазақстан Республикасының қаза тапқан азаматтарының балалары (Қордың Қамқоршылық кеңесінің шешімі негізінде).

Өтінім қабылданатын мерзім:

2023 жылғы 1-17 тамыз аралығы

* Ескерту

Бағдарламаға қатысудың шекті жасы қоса алғанда 29 жас. Грант екінші жоғары білім алуға берілмейді.

ТІЛ - ҰЛТТЫҢ БАЙЛЫҒЫ

Қазақ халқы - әділ хандары мен құрметтеген жандарын, тауып айтар шешендерін, дана билерін, ел шетіне жау шапса, қолына үкілі найзасын алып, дұшпанына қарсы қару сермеген ерлермен мақтанатын халық. Қанатты құс көгілдір аспанда қалықтаса қос қанаты талатын дархан даланың иелері, талай-талай соқпақты жолмен жүріп, тілімделген табанын үміт жолына шыдатып, қолына садағын да, қаламын да алып, жер мен елден, дін мен ділден айырған дұшпандарына қарсы шықты. Қарсыласқанды жеңетұғын қазақ елінің қаһарман халқының арқасында өз тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, аспан түстес жалаудың аспанымызда масаттана желбіреп тұрғанын көріп, мақтаныш сезімді сырлы сағаттың тілі жүгірткенін байқаймыз. Сайын даланың сарқытын сарпып, ішкен қазақтың о бастан бергі байлығы тілі мен діні, тарихы мен мәдениеті болған. Ұлттың ұлттық дәрежесін көрсететін осынау белгілер бол-маса ел шаңырағы шайқалып, тоз-тоз болып, тауыққа шашқан тарыдай тарап кетер еді. Татулық пен бірлікті сақтап, ғасырлар тауқыметінде өзімен бірге ала келген байлықтардың ішіндегі ең қуаттысы – тіліміз!

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Тілге деген көзқарас шын-дап келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан оған бей-жай қарай алмаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде елімізді

«Қазақ мемлекеті» деп атайтын боламыз» деген сөзі бар. Тілге жасалған құрмет, оған жасалған тағзым, ол үшін жасалған еңбек – еңселі елдің ертеңі үшін жасалған еңбек болып саналады. Тіліміздің де талай сынақ пен дәуірлерді өткерген тілімделген тағдырының астарында көп тарих жатыр.

«Елім» деп еміренген Махамбет, қанатты қара сөзімен бар қазақты дүр сілкінткен ұлы Абай, ақ тіліміздің болашағына алаңдаған Ахмет, тәтті сөзбен махаббатты жырлап өткен Мағжан, Мұқағали, «өз тіліңді ұмытпа» деп ұрпаққа өсиеттеген Қадыр аталардың қаламы биікке самғатқан тілдің бүгінгі жағдайы қалай екені баршаға аян, ал елге нұқсан. Кеудесіне орден таққан шенділерден бастап енді-енді шиқылдаған сары ауыз балапандарға дейін жарты сөз орысша, жарты сөз қазақша шұбарланып барады. Ұзақ та емес сөзді жазуға ерінген, қысқартып қойып, сәнін кетірген жастар көп. Әлеуметтік желідегі «нестеп» пен «өздің» деңгейінен әрі аттай алмаған тырнақшаның ішіндегі белсенді де аз емес. Сонда да ұлттық байлығымыздың тазаруына деген, тілге деген құрмет ешқашан өз күшін жоғалтпақ емес.

Егер қазірден бастап тіл тазалығына мән бермейтін болсақ, ертең терең тарихымыздан көз жазып қаламыз. Ата-бабаларымыз қандай қайғы мен мұңға толы күндерді бастан өткеріп, тәуелсіз елді, таза тілді, өткір ойларды бізге тастап кеткендігін өте жақсы білеміз. Оны әрі қарай дамыту, жаңа технологиялардан пайдалана отырып, жастарға тілді тың әдістермен үйретудің орнына, өзіміз таза сөйлей алмай жүрміз. Өзге ұлттың тілінде сөйлеп, сөздік қорымызды сол жұрттың сөздеріне байытып жатқандығымыз баршаға мәлім. Осы жерде «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген мақал еріксіз есіме түседі.

Тілді құрметтейік, оны басқаларға дәріптейік деп қанша шырылдағанмен, оның нәтижесі болып жатқан жоқ. Сол себепті балаларға түрлі тәсілдерден пайдаланып, тілді оңай

үйретудің жолдарын қарастырған жөн. Мысалы: орыс тілінде сөйлейтін жандардың қатары қалың, неге деп ойлайсыздар?! Иә, келісемін ол байланыс тілі, қай жерге барсаң орыс тіліне тап боласың, ғаламтордағы бүкіл мәліметтерді орыс тілінде оңай таба аламыз, балалар ойнайтын әр түрлі ойындар бар, әлеуметтік желідегі мультфильмдердің қалың көпшілігі орыс тілінде.

Қазіргі таңда барлық балалар өте ақылды, аңғарымпаз, көргенін тез үйреніп, жадына түйіп алады. Сол қасиеттерінен пайдаланып, ана тілді терең ұғындырып, құлағына құюдың орнына, орыс тілі ертең барлық жерде керек болады, ел көрем, жер көрем десең, ағылшын тілін жақсы білуге тиіссің деп, өз балаларына басқа тілдегі мультфильмдерді, киноларды

көрсететін ата-аналар қоғамда баршылық. Бала жас кезінен қай тілді көп естисе, сол тілде сөйлеп, сол ұлттың салт-дәстүріне, тынысы мен тіршілігіне еліктейді. Сол тілде ойлайды, сауатын ашады, жазады, солардың өміріне қызығады. Ал бұлай жалғаса берсе, біздің ұрпағымыз ертең кімге қызмет етеді? Отаным, ана тілім деп қай тілді, қай елді айтады? Тіл мәселесіне келгенде өте үлкен жауапкершілікпен қарауға тиіспіз. Себебі тіл-төл тарихымыздан хабар беріп, ертеңгі болашағымызды айқындайтын құнды құрал.

Міне

сондықтанда оны дәріптеу, жастар бойында ана тілге деген махаббат пен құштарлықты ояту, Отанға, тілге деген патриоттық сезімін жандандыру басты мақсатымыз. Ол үшін Қазақстан жастары неге көп қызығады? Қандай кинолар, мультфильмдер көреді? Қандай бағыттағы бағдарламалар олардың назарын аударады? Дәл осындай сұрақтарға жауап іздей отырып, терең зерттеу жүргізіп, өз-өзімізбен жүйелі жұмыс жасауымыз қажет! Қазір көпшілік қазақ тілінде түсірілген киноларымызда актерларымыздың тіл тазалығын сақтамай жатқандығына аса қатты назар аударылмайды, қазақша, орысша араластырып сөйлей береді, ал оны көрген жас буын өз тілінде таза сөйлемедің әбестігі жоқ екен ғой деген ойға тоқталады, екі тілде сөйлеуді өздерінше трендке айналдырып алғандары да табылады. Осылай жалғаса берсе, ертең қоғамның, мемлекет пен халықтың жағдайы қалай болмақ?!

Тілді Отанының ең басты құндылығы санайтын әрбір азаматтың кеудесінде оның болашағына деген уайым, ертеңіне деген сенімі болуы керек деп ойлаймын. Тарихқа таңба бастырып, өз еншімізді алуға ұмтылған 31 жасар жас мемлекеттің нағыз қайнаған шағында орасан зор ауырлығы бар осы жүкті межеге дейін ынтымақта көтеріп шығу – біздің, толағай табысқа жетелеген ұрпақтың міндеті һәм парызы! Бір адам құласа, жүк теңселіп, балалар аңсаған азат тілімізге қол жеткізу қиынға соғады. Ендеше, бір шеңберге жиналып, тіл мәртебесі үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарайық!

Захро ИРИСМАТОВА,
1-курс студенті



СТУДЕНТ ОЙЫ



АНА ЖҮРЕГІ ТЕҢІЗДЕН ТЕРЕҢ

Ана - ол сені мына жарық дүниеге әкелген жан.

Ананың бала өмірінде алатын орны өте үлкен. Ол баласы үшін өле-өлгенше жанын беретін, баламның табанына кірген тікен менің мандайыма кірсін деп жүретін жан. 9 ай бойы жүрегінің астында бір жанды көтеру бұл үлкен жауапкершілік пен төзімділікті талап етеді. Сәбиінің құрсағында пайда бола бастағанынан бастап ол оның әрбір қозғалысын мен қимылын сезеді. Одан сай-

ын баласына бауыр ба-сып тезірек құшағына алып иісін сезгісі келеді. Нәрестені өмірге алып келіп, оған өзінің ана мейірімін төгеді. Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай дамыл-сыз жүреді баласының жағдайын жасайды. Ана деген шіркін әлемдегі ең мейірімді жан ғой. Сол үшін де менің ойымша, өз баласының ғана емес, өзгенің де қамын ойлай-тын жан, ешқашан біреуге жамандық тілемейді. Баласының әр бір үлкен бол-сын кіші бол-сын жетістіктеріне шын жүректен қуанады. Тек анамыз ғана бізді жүреппен сезіп, ішімізде не болып жатқанын бір көзден түсініп, бізді әрдайым ойлап жүреді. .

«Әйел адам бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді», - демекші аналарымыз әрбір шанырақта жылулық пен қауіпсіздікті орнатады. Расында да аналарымыз әулетте асыл жар, аяулы ана, сыйлы келін және ақылшы абысын. Өрине, әйел, ең бастысы — ана.

Сол себепті де, “Жұмақ ананың табаның астында” деп бекер айтпайды. Аналар жайлы өлең, шығарма, жыр-дастан өте көп. Бірақ ол махаббатты көркем түрде барлық қасиеті мен құндылығымен жеткізу әрбірің қолынан келе бермейді.



Дидар НҰРЖАНБАЙ
1-курс студенті

Студенттік президент Дінмұхаммед ҮМБЕТҰЛЫ:

«ӘКЕМЕ ҚАРАП БОЙ ТҮЗЕЙМІН»

-Баршаңызға қайырлы күн! Бүгінгі біздің сұхбат беруші қонағымыз Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттік президенті Дінмұхаммед Үмбетұлы.

-Көңіл күйіңіз қалай?

-Көңіл күйім керемет. Шақырғаныңызға көп рахмет.

-Студенттік президент пен қарапайым студент Димаштың айырмашылығы қандай?

-Аса қатты айырмашылық жоқ деп айта аламын. Студент Димаш ол, барлық студенттер секілді сабағына уақытылы барып келіп жүреді. Ал студенттік президент Димаш өзін университетте бір қызметкер сезінетін яғни, ресми іс-қағаздармен жүретін саясаткер секілді.

-Біз білмейтін құпия қырларыңыз?

-Көптеген студенттер біле бермейтін қырым мен спортсменмін. 7 жасымнан бастап каратэге қатысқан болатынымын. 2014 жылы 10 жасымда Азия чемпионы атандым. 2016 жылдан бастап, қазірге дейін таэквондо спортымен айналысып келемін. Таэквондо спортынан Қазақстан чемпионатының қола және күміс жүлдегерімін.

-Сіз кімнен немесе неден мотивация аласыз?

-Мен үшін әрдайым идеал адам. Ол менің-әкем. Әкеме қарап бой түзеймін, әкемдей болғым келеді. Маған мотивация беретін адам осы кісі.

-Бос уақытыңызда немен айналысасыз?

-Көбінесе достарыммен уақыт өткіземін. Таэквондоға барамын. Достарыммен футбол, компьютерлік ойындар ойнаймын. Анда-санда кітап оқимын.



- Студенттік президент болудың ауыр тұстары?

-Студенттік президент болмай тұрып, менің сабақ үлгерімім өте жақсы болатын ал, қалай студенттік президент болдым солай іс-шаралар, форумдарға барып жүріп сабақ үлгерімім төмендеп кетті. Жаныңдағы нағыз достарыңды жоғалтып, өзіңе уақытша орта табасың.

-Адам бойындағы қандай жағымсыз қасиеттерді ұнатпайсыз?

1. Кісілік(тәкәппарлық)
2. Екі жүзділік
3. Сөзінде тұрмайтын адамдар.

-Өзіңді жоғалтып алған кезіңіз болды ма?

-Ия, ҰБТ тапсырар сәтте мен көңілімнің барлығын тек спортқа бөлдім, оқуым бір жақта қалып кетті. Жарысқа қатысқан болатынымын, ал 2 күннен кейін менің ҰБТ тапсыратын күнім еді. Солай, төмен балл жинап қалып өзімді жоғалтып алған болатын-

мын.

-Өмірлік ұстанымыңыз?

-Таспен атқанды аспен ат.

-Стресс пен қысымға қалай қарсы тұрасыз?

-Өзіңнің нағыз ортаң, достарыңмен уақыт өткізсем, стресстен өзіммен өзім шығып кетеді екенмін.

-Қандай 3 кітап оқуға кеңес берер едіңіз?

-Негізі көп кітап оқымаймын. Бірақ көңілімнен шыққан кітаптар бар.

1. Роберт Кийосаки “Богатый папа, бедный папа”
2. Китами Масао “Самурай без меча”
3. Эрик Берн “Игры, в которые играют люди”

-Бүгінгі сұхбат бергеніңізге көптен көп рахмет. Алдағы жұмыстарыңызға сәттілік! Келесі кездескенше.

Әңгімелескен:
Назым ТҰРСЫНБАЙ,
1курс студенті

СТУДЕНТТІК ӨМІР - ЕҢ КЕРЕМЕТ УАҚЫТ

Әрбір адам өзінің өмірінде студент болатыны белгілі. Менің ойымда мектеп кезден кейінгі ең керемет уақыт студенттік шақ деп ойлаймын. Әсіресе 1-ші курс.

Алғашқы үлкен өмірге қадам, ештеңеден хабарың жоқ уақыт, жаңа орта, жаңа достар, көптеген жаңа мұғалімдер, бір-бірінен шатастырып ала беретін аудиториялар. Міне осының барлығы естен кетпес ыстық естеліктер ғой.

Осы бір аз ғана уақытты әрбір студент өзінің уақытын тиімді әрі қызықты өткізгені дұрыс. Студенттік шақ – үлкен мүмкіндіктер мен жарқын болашақтың бастамасы. Ол барлығына бірдей беріледі, бірақ оны кімнің қалай пайдаланары өзіне байланысты. Көптеген студенттер өзіне берілген мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланбай жатады. Уақыттарын тек ішіп-жеумен, ойнасауықпен өткізетіні ішінді қынжылтады. Меніңше осы нәрселерге кеткен уақытты өзін дамытуға арнаса, өзінің армандаған істерін жасаса тіптен жақсы.

Дегенменде барлық студенттер өзінің уақыттарын босқа кетіріп жатыр депте айта алмаймын. Бойындағы күш қайратын білім мен өнерге арнап жатқан жандар аз емес. Міне осындай берілген мүмкіндікті дұрыс пайдаланып, өмірдегі өз орнымызды табу біздің мақсатымыз.

Сөзімді қорытындылайтын болсам, өмірдегі осы бір аз ғана

студенттік уақытты мейлінше дұрыс жағына қарай пайдаланып, әрі қызықты өткізгеніміз жөн. Бойымыздағы бар қабілетті шыңдап, келер жастарға өнеге болуымыз. Жылдар өте келе студенттік кезді жиі еске алатындай қылып, қызықты өткізуіміз



өзіміздің қолымызда.

Өмірдегі ең керемет уақыт студенттік шақ болмақ.

Журналистика мамандығының бір топ
1-курс студенттері

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК

УАҚЫТ - ЕҢ БАҒАЛЫ ДҮНИЕ

Өмір біреуге бақ, біреуге сор. Расында әркімнің пешенесіне жазылғаннан аспайтын, қиындығымен қуанышы қатар жүретін тағдыры болады. Тағдырдың талқысы мен толқынына бой бермеген адам нағыз мықты. Алайда біз мына өмірдегі басты міндетімізді білмей жатамыз. Көп адам өзінің өмірге не үшін келгенін, не үшін өмір сүріп жатқанын білмей өтіп жатыр» деп, Джан жазғандай, сол өзен ағынында кейбір жан өз арнасын

да ойлау керек. Кейбіреу өмір өз қолыңда өзің қалай құрасаң солай болады дейді. Бәлкім солай да шығар... Ал мен олай деп ойламаймын себебі өмірді қалай құрасаң да, Алланың бергенін ешқашан өзгерте алмайсың. Мейлі қолыңдағы бар нәрсені салсаңда Аллаһтың бұйыртқанынан басқа ешнәрсе болмайды. Мен үшін бұл өмір тек қана сынақ. Өмірде басыңа қандай қиыншылық түссе де, соған төтеп беріп, шыдамды бо-

лып, сабырлы болып, сол қиын кезеңнен шыға білсек бұл біздің үлкен жеңісіміз.

Абай адамның рухани болмысы мәңгілікті екенін айтады. Бұл туралы ол былай дейді: Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес. «Мен» мен «менікінің» айрылғанын «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес. Бұл өлеңде



тауып жатса, кейбіреулері бастарын тасқа да, жарға да ұрып, өз жолын таба алмай жатады.

Өмірде ең бағалы дүние - уақыт. Барлық нәрсеге қол жеткізу мүмкін. Тек уақыт жылжып өте береді. Сондықтан да бұл өмірден адам, адам болып өтуге не жетсін. Ешкімнің ала жібін аттамай, ешкімге қиянат жасаймай, жолын кеспей, қарыздар болмай, бойымызды жаман әдеттерден аулақ ұстап өтсек өмірден таза болып кетуші едік. Менің бұл өмірден аларым да көп, берерім де. Мен ұзақ өмір сүргім келеді. Осы өмірдің кереметтерін көріп үлгергім келеді. Сондықтан болар, біреуге ренжіп, біреуді кінәлап, мін тағу дұрыс емес. Өмірдегі қайғыны

Абай тәнді – «табиғат» деп, ал жанды – «адам» деп атап отыр. Ақын сөзі бойынша, сонда жан мен тәннің айрылғанын өлді деп атау білместік болады. Жан өлмейді, мәңгілікті. Сол өлмейтін өшпейтін жанды жаралайтындар, жанға ауыртпалық салатындар қаншама. Тек қана өзімізге сеніп, Аллаһ разылығы үшін өмір сүрсек біз нағыз өмірдің мәнін түсінетіндейміз!

Ақбота БАҚЫТЖАН
1 курс студенті

ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ СТУДЕНТТІК ЖЫЛДАРЫМ

Студенттік жылдар – қызықты сәттер кезеңі
Студенттік кезең өмірдегі ең қызықты сәттермен, қайта келмес жастық шағыңдағы өткізген алтын уақыттар. Осы шақтарды барынша тиімді қолданып, әрбір уақытты бағалау қажет. Менің ойымша осы сәттерді мәңгі есте қалатындай, қызықты етіп өткізу үшін, оқу орның және қасыңдағы жандарға байланысты деп ойлаймын.

Ал мен осы кезеңдерімді кішкентай кезімнен, барлық жастардың арманындағы әсем қала Алматы қаласында өткенін қалаушы едім. Себебі өзім таңдаған журналистика мамандығында көптеген мүмкіндік бар деп ойлайтынмын. Бірақ ол арманым бір себептерге байланысты орындалмай қалды. Не дегенмен маған өз туған жерім Түркістанымдағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы оқу орнының студенті атану бақыты бұйырған екен. Шыны керек бірінші оқуға келер кезде көңіл күйім түсіп, ынтам болмаған еді.

Міне осылайша мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің журналистика мамандығын таңдап, алғашқы оқу күндерім басталды. Өзімнің жаңа ортамммен таныстым, жаңа достар таптым. Білікті, тәжірибиелі ұстаздарымыздың арқасында,

мамандығыма байланысты көптеген ақпараттарды дәріс барысында үйренудеміз. Күннен күнге ойым өзгеріп бәрін ұната бастадым.

Міне сонымен, көзді ашып жұмғанша 1-курсты да аяқтадық. Қазір ойлап қарасам бірінші келгендегі ойым әлдеқайда өзгеріп, журналистикаға қатысты көптеген ақпараттарды білетінімді түсіндім. Енді ары қарай оқуымды жалғастырып, жоғары деңгейдегі мамандығымның нағыз иесі болып шығатыныма сенімдімін.

Мағжан атамыз «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты мен жастарға сенемін» деп зор үміт артып кеткен жоқ па?! Ендеше еліміздің жарқын болашағы мына біздер секілді жастардың қолында. Армандаған мамандығымның студенті атандым. Болашақта ата-анамның сенімін ақтап, елдің дамуына теңізге тамған тамшыдай болса да өз үлесімді қосқым келеді. Үміт артқан ата-анам, ұстаздарым да менен осыны күтеді.

Мерей Трасил
1-курс студенті

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІ АРТУДА!

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деп ағартушы ғалым Ыбырай Алтынсарин айтқандай қоғамда мұғалімдердің орны ерекше. Мықты маман болу көптің қолынан келе бермейді. Ұстаз болып, жас балалармен жұмыс жасау, сапалы білім мен саналы тәрбие беру әр оқытушының басты міндеті. Оларға жүктелетін жауапкершілік пен артылатын міндет өте көп. Жеке тұлғаны қалыптастырудай күрделі жұмысты бар жан-тәнімен істеп келе жатқан мұғалімдерге қанша тағзым етсең де, аз деп білемін.

Мемлекетімізде мұғалімдерге беріліп жатқан мүмкіндіктер де, төленіп жатқан жалақы да артып келеді. Үкімет отырысында қабылданған шешім бойынша “Мұғалім мәртебесі” туралы Заңның аясында педагогтердің еңбек жағдайы жақсартылуда. Соның арқасында ұстаздарға тән емес функцияларды және көзделмеген есептерге тартудан босату шаралары қабылданды. Тағы бір маңызды мәселе ретінде, мұғалімдерді жұмысқа қабылдау енді конкурс арқылы, нақты біліктілік көрсеткіштерге сәйкес жүргізілетіндігі айтылған еді, қазір сол жүйе бойынша оқытушыларымыз жұмысқа орналасуда. Бұл әрине білім жүйесіне оң әсер етіп келеді. Мұғалімдер өздерімен жұмыс жасап, жан-жақты дамып, түрлі тілдерді үйреніп, сапалы білім беруге тырысып келеді. Сонымен қатар, сабақты тиімді әрі қызықты өте үшін, елімізді көптеген бағдарламалар жасалып, оқушылардың назарын тартуда. Солардың қатарында, Duolingo, Kahoot, Daryn online, Bilim land бағдарламаларын тілге тиек етуге болады. Солардың арқасында мұғалімдердің жұмыстары жеңілдеп, оқушыларға барлық сабақтар қызықты бола түсуде. Технология өркендеген сайын, біз әр салада озық болып келе жатырмыз. Болашақта бұдан бөлек, талай мүмкіндік есіктері айқара ашылып, білім алушыларға жағдай жасала береді деп ойлаймын.

Сабина Кенжебай,
1-курс студенті

ТУҒАН ЖЕРІМ - МАХАББАТЫМ!

Туған жер әрбір адам өмірінде ерекше орын алады. Осы жерде туылып, суын ішіп, ауасымен тыныстайды және табиғатымен біте қайнасып адам болып қалыптасады. Ең бақытқа толы балалық шағың өтеді. Міне, сондықтан да балалық шақтан бастап-ақ адамда туған жерге деген махаббат сезімі оянады. Туған жерге оның топырағына деген махаббат – әрбір жан үшін аса киелі ұғым, ыстық сезім.

Менің туған жерім-Түркістан қаласы. Бұл жерде менің әлпештеген анам, аялап өсірген әкем, бауырларым, туған-туысым, мені білім жолына жетелеген ұстаздарым, сол білімге ұмтылу жолындағы бірге өскен достарым, дүниеге келген жерім қызыққа толы өткен балалық шағым бар. Түркістан Алланың нұры жауған қала десе болады. Себебі қаншама соғыс, ұрыстан аман қалған. Қаланың табиғаты кереметтей болмаса да, өте жайлы және тыныш. Ал сәулет өнеріне келсек олар қаншама ғасырдан



бері, бүгінгі күнге дейін сақталған. Қалаға келуші туристер саны бүгінгі күнде бірнеше есе артқан. Өйткені қала күннен күнге құлпырып, заманауилық пен ескі заманның нақыштары орталанып, әдеміленуде. Байлыққа толы туған жерімізді әрқайсысымыз аялап, құрметтеуіміз қажет.

Шұғыла АМАНГЕЛДІ,
1-курс студенті

СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

ҚЫЗДЫ ҚҰРМЕТТЕГЕН ХАЛЫҚПЫЗ

Ерте заманнан ата-бабаларымыз сұлулықтың көркем үлгісін ару қыздың тал бойынан көруді көксеген. Гүлге тән нәзіктік пен батырға тән батылдықты бір бойына жарасқан қазақтың

қыздарына тәнті болған жазушылар оларды шығармасына арқау етсе, ақындарымыз инабаттылығы мен нәзіктігін әнге қосып, өлең өрнектерімен көмкерген. Қыз тәрбиесіне жалпы қатал болуымыз керек. Өйткені болашақ ана атағына ие қыздар тәрбиесі нәзіктікпен қоса қаталдықты талап ететін өзекті мәселе. Ата-бабамыз қыз тәрбиесіне ерекше мән беріп, олардың дұрыс жағдайда тәрбие алып, болашақта ата-анасының бетіне салық түсірмеуін қадағалаған.

«Қызға қырық үйден тыйым салу» мәтелінің мағынасы неде? Осы орайда қазақ энциклопедиясы мынадай анықтама беріпті: «Қызға қырық үйден тыйым» деп қазақ салт-дәстүрінде тәрбиелік ұғым, ұстанымды атайды. Қызға жарыса сөйлеуге; жалғыз қыдыруға; жырдақтап күліп, сыпсыңдап сөйлеуге; орынсыз ұрынуға; басқаларға қол тигізуге; өтірік; өсекке; суық жүріс; сумаң қылыққа; кісіге қарай керіліп есінеуге; талтайып отыруға; шалқайып жатуға; тамақты обырлана асауға; ұрлық-қарлыққа; ұятты мүшелерін ашып жүруге; бұраңдап қылымсуға; қызыл іңірде жатуға; түске дейін ұйықтауға; кісі алдында киім ауыстыруға; салт-дәстүрден аттауға; елді ғайбаттауға; үлкендердің жолын кесіп; атын атауға; ішімдік ішу пен шылым шегуге; ұрыскеріске; беттен алып, бет жыртысуға; қараулыққа, ысырапқа; рахымсыздық пен қатыгездікке; түнде суға жалғыз баруға; жат жыныстылармен араласып жатуға; күйеуге қашып тиюге; әдепсіз сөзге; тарс-тұрс етуге; адам мен жануарларды тебуге; кісіні қорлап жәбірлеуге; тәкаппарлық пен сайқымазақ жасауға;

айқай-сүреңге; шектен тыс сыланып жасануға; қызғаншақтық пен күншілдікке; менмендік пен өзімшілдікке; алдап-арбауға; көрсеқызарлыққа; нәпсі құмарлыққа тыйым деп мұнда жалпы түсініктен гөрі тыйымдарды атап көрсеткен екен. Қазақ қызын



қонақ деп сыйлаған халық. Нәзіктік пен сұлулықтың символы болған Қыз Жібек пен Баян сұлудың сіңлілері, өр намысты Әлия мен Мәншүктің ізбасары болғанымға мақтанамын!

Жұлдызай ҚЫДЫРӘЛІ,
1-курс студенті

БІР КҮН

Бүгін менің таңым «Жансая, Жансая» деп оятқан Аружанның дауысымен басталды. «Жансая сағат 8:30 болды тұрсайшы» дейді. Жастығымның астында жатқан телефонымды алып уақытқа қарасам, таңғы 7: 48. Әлі ерте екен ғой деп қайта жаттым. Біраз ұйықтап алайын деген ойымнан айнып бірден орнымнан тұрдым. Аружан болмаса мені кім оятар екен деп қоямын. Жылдам жуынып жатаханадан шығып, университетке қарай беттедік. Сабақ 5-қабаттағы 518-дәрісханада. Дәрістің басталуына 2 минут қалды. Аружан екеуіміз жүгіріп еңтігімізді баса алмай келе жатсақ барлығы аудитория алдында жиналып оқытушыны күтіп тұр екен. Өне-міне дегенше апай да кілт алып келіп есікті ашты. Ұйқымызды аша алмай отырғанда сабақ басталып, лезде 50 минут та өтіп кетті. Алда 10 минуттық үзіліс.

10 минутта асханаға түсіп, кезекке тұрып бір самса мен су алып екінші парға барып үлгеруіміз керек. 11:30 -да жатақханаға қарай жөнелдік. Жолда екеуіміз қазір барған соң, сен бөлме жинайсың, мен тамақ жасаймын деп келісіп келдік. Алайда бөлмеге кіре салысымен жалқаулығымыз ұстап ұйықтап қалдық. Сәл демалып тұрған соң бәрін тындыратын болып, ұйқыдан тұрған соң екі «РОЛЛТОН»-ға су қайнатып жатқан біз едік. Кешкісін сыртқа шығып алаңда доп ойнап, жатақхана жабылуға 10 минут қалғанда кіріп түнімен лекция жазып таңертең кешігіп сабаққа баратын екі студент манағы екі қыз...

Жансая ӘЗІМХАН,
ӘСМ-211 тобының студенті

<p>Ясауи университеті УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ</p> <p>Газет 1995 жылдан шыға бастады</p> <p>Меншік иесі: Кожя Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</p> <p>Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА</p> <p>Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет.</p>	<p>Медиа және PR орталығы:</p> <p>журналистер: «Журналистика» кафедрасының студенттері</p> <p>Фото маманы: Нахып ШЫНТЕМИРОВ</p>	<p>Газетті есепке қою туралы №11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.</p> <p>Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы.</p>	<p>Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды</p> <p>2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.</p>
--	---	---	--